

*А. О. ШӘКЕНОВ, ҚР ІІМ Б. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҒАҢДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫНЫҢ БАСТЫҒЫ, ЗАҢ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ,
ПРОФЕССОР*

КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНЕ ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Криминалистикалық қызмет ғылымның заманауи жетістіктерін қабылдап, оларды қылмыстарды ашу және тергеу тәжірибесіне енгізу, іздік ақпаратты пайдалану үшін арнайы білімдерді толыққанды қолдану мәселелерін келешек мамандарға оқытып-үйрету міндеті ведомстволық жоғары оқу орындарына, онын ішінде криминалистикалық білім беруде белсенділік танытып жүрген профессорлық-оқытушылық құрамға жүктелген.

2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту — Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында ең маңызды мәселелердің бірі ретінде құқық қорғау және арнайы органдардың сапалы, әрі жаңа толқынды кадрлармен жаңаруын атап өтіп, білім беру үрдісіне заманауи әдістемелер мен технологиялар енгізуге қатысты бастамашылықтарын басып айтқан болатын.

Қазіргі таңда елімізде әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағытталған жаңа білім беру жүйесінің қалыптасып жатқаны бәрімізге мәлім. Мұндай көрініс ғылыми-педагогикалық теория және оқу-тәрбиелік үдеріс тәжірибесіндегі елеулі өзгерістермен байқалуда. Білім берудің мазмұны жаңа процессуалдық шеберлікпен, ақпаратпен жұмыс жасау мүмкіндігімен, сондай-ақ, оқу бағдарламаларының жекешеленуіне қарасты ғылыми-педагогикалық мәселелерді ұтымды шешумен кеңейіп отырады. Тыңдаушының танымдық қызметі профессорлық-оқытушылық құрам мен бағдарламаларды дайындаушылар назарынан тыс қалмау — осы жүйені реформалаудың басты бағыты болып табылады.

Осыған дейін шын мәнінде қалыптасқан жағдайға орай, яғни, оқытудың дәстүрлі құралдарын жетілдірмей пайдалану және білім беруге деген қалыс көзқарастың орын алуы жоғарыда аталған міндеттерді шешуге жол бермеді. Білім беру мақсаттарына жету үшін жаңа ақпараттық технологиялар көмектеседі. Жаңа ақпараттық технологиялар білім беру жүйесін жаңа деңгейге шығарып, озық технологияларда орныққан мүмкіндіктерді толыққанды іске асыру жол береді. Оқу процесін дамытудың сипаты мен бағытын анықтаушы маңызды фактор ретінде ақпараттың рөлі мен мағынасы арта түсуде. Оқытудың интерактивтік құралдарын пайдалану арқылы тыңдаушылардың сабаққа деген құштарлығын арттыруға болады.

Осы құралдардың басты дидактикалық, яғни насихаттық мақсаты — оқу материалын жылдам меңгеру, яғни оқу үрдісін ең тиімді мінездемелерге жақындату.

Оқытудың интерактивтік құралдары шын уақыт режимінде тұтынушы мен ақпараттық жүйе арасында мәлімет алмастыру арқылы сұхбаттасуды қамтамасыз етеді. Зерттеу объектілері мен құбылыстар туралы ақпаратты жинау, өңдеу, тіркеу, сақтау, әртүрлі нысанда ұсынылатын ақпараттың үлкен көлемін тапсыру, сондай-ақ, әрқилы нұсқаларды экранда бейнелеуді басқару тәрізді оқу қызметінің жаңа түрлерін іске асыруды осы оқытудың интерактивтік құралдары қамтамасыз етеді.

Криминалистика пәні бойынша оқытудың интерактивтік құралдарын қолдану төмендегілерді іске асыруға мүмкіндік береді:

- пәнге деген қызығушылықты арттырады;
- материалды өздігінен меңгеруге дайындайды;
- іс жүзінде қолдануға қажет нақты білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді;
- тыңдаушылардың ойлау қабілетін дамытады;

пәнді өздігінен меңгеруге дайындайды;

тыңдаушылардың қызметін ұйымдастыру нысандарының жан-жақты болуын анықтайды.

Бүгінгі таңда оқытудың техникалық құралдарын көптеп, әрі кеңінен қолданбаса, жоғары білім беру жүйесінің дамуы мүмкін емес. Оқытудың мұндай құралдары ақпараттылықпен, шынайылықпен көзге түсіп, құбылыстар мен үрдістерді терең зерттеуге мүмкіндік береді, оқытудың көрнекілігін арттырады, оқу-тәрбиелік жұмыстың қарқындылығына алғышарт болып, оқу материалын қабылдауды күшейтеді. Осылайша, оқытудың интерактивтік құралдарын пайдалану оқу-тәрбиелік жұмысты жетілдіруге, ғылыми-педагогикалық қызмет тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, тыңдаушылардың білімі мен шеберлігін жақсартуға бастамашылық болады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, білім беру сапасын арттыру және криминалистиканы оқып-үйрену кезінде қолданылатын ғылыми-техникалық жабдықтар мен оқытудың интерактивтік құралдарын әрдайым жетілдіру мақсатында мыналарды ұсынуға болады:

білім беру жүйесінің алдына қойған міндеттерге сәйкес ведомстволық білім беру ұйымдарының дербестігін кеңейту мақсатында, ғылым мен тәжірибеге негізделген білікті маманды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу жағдайын ұйымдастыру үшін дайындық деңгейі мен міндеттеріне, сондай-ақ, мемлекеттік тапсырысқа орай пән аралық байланыс пен оқытудың нысанын (дәстүрлі немесе кредиттік) ІІМ ведомстволық оқу орындарының өздері айқындайтындай мүмкіндігі болу қажет;

«Криминалистика» және «Сот сараптамасы» пәндері бойынша білім беру сапасын арттыру мақсатында жоғары оқу орнының ақпараттық қорын сот-тергеулік, жедел-ізвестірушілік және сараптамалық мәліметтермен, алдыңғы қатардағы ғылым және техника жетістіктерімен, жаңа аспаптар мен заманауи құралдармен, сондай-ақ, олармен жұмыс жасау әдістемелерімен үзбей толықтырып отыру қажет;

Қазақстан Республикасы ІІМ ведомстволық жоғары оқу орындары түлектерінің тәжірибелік бейімін күшейту мақсатында тыңдаушылармен жүргізілетін тәжірибе сабақтары мейлінше шын мәніндегі өмірдегі жағдайларға жақын болып, осы сабақ барысында техникалық-криминалистикалық құралдардың, оқу-әдістемелік кабинеттер мен жедел-криминалистикалық полигон, сондай-ақ, аппараттық-бағдарламалық кешендердің барлық жиынтығы қолданылуы тиіс;

заман талабына сай білікті мамандарды әзірлеуді жандандыру мақсатында тәжірибеде қолданылатын автоматтандырылған іздеу жүйелерін оқу процесіне енгізу мәселесіне ерекше назар аударған абзал.

Осылайша, оқытудың тиімділігін арттыру және техникалық-криминалистикалық құралдарды пайдаланудың тәжірибелік дағдыларын тыңдаушылармен иемденуді бір жүйеге келтіру үшін, сондай-ақ, криминалистикалық білімді тереңдету мақсатында шетел, көршілес мемлекеттердің, сонымен қатар, өзіміздің құқық қорғау органдары қызметкерлерінің озық тәжірибесі оқу процесіне енгізіліп, тәжірибелік сабақтар мейлінше шындыққа жақын жағдайда өткізілсе, еліміздің Президенті Н. Ә. Назарбаевпен және Қазақстан Республикасының ІІМ заманауи жоғары білімді жаңа сапалы деңгейге көшіруге қатысты қойылған міндет іске асытынына күмән болмайды.